

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада көп қабатты тұрғын үйдің жолаушылық лифтісінің электр жетегі қарастырылған. Негізгі бөлімінде жолаушылар лифт электр жетегіне есептеулер жүргізілді. Жеңілдетілген тахограмма мен жүктеме диаграммасы тұрғызылған. Есептеулер арқылы қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштар мен жиілікті түрлендіргіш таңдалынған. Сонымен қатар, қозғалтқыштың орынбасу сұлбасының параметрлерін анықталып, асинхронды қозғалтқыштың графиктері тұрғызылған. Электр жетектің виртуальды моделін таңдап, өтпелі процестер қарастырылған. Және де электр жетегінің ажыратылған және тұйықталған жүйесінің жұмыс режимдері зерттелген.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде лифт жүйесі басқарылатын мекемедегі қондырғылардың адамға деген психологиялық және физикалық әсері бағаланып, автоматты өрт сөндіру жүйесі мен жерге тұйықтау жүйесіне есептеулер жүргізілген.

Экономикалық бөлімінде лифт шығаратын кәсіпорынның электр жөндеу цехындағы экономикалық жұмыстар анықталған. Сонымен қатар, тиімді болған жағын қарастырып, есептеулер жүргізілген.